

Прокуратура органдарына, сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және экономикалық тергеу қызметіне кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің және оны өткізу шарттарының, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерінің қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 26 маусымдағы № 80, Қазақстан Республикасы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 199 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 675 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 20984 болып тіркелді.

"Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-1 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қоса беріліп отырған Прокуратура органдарына, сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және экономикалық тергеу қызметіне кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің және оны өткізу шарттарының, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерінің қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңындағы Құқық қорғау органдары академиясы:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңындағы Құқық қорғау органдары академиясының қызметін үйымдастыруға жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасарына, Қазақстан Республикасының Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының бірінші орынбасарына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті төрағасының құқық қорғау блогына жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

Ғ. Нұрдәuletov

Қазақстан Республикасының

Каржы министрі
Е. Жамаубаев _____
Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл
агенттігінің(Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы қызмет) төрагасы
А. Шпекбаев _____

Қазақстан Республикасы
Каржы министрінің
2020 жылғы 14 шілдедегі
№ 675,
Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-кимыл агенттігінің
(Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы қызмет) Төрагасы
2020 жылғы 29 маусымы
№ 199 мен
2020 жылғы 26 маусымдағы
№ 80 бұйрығына
қосымша

Прокуратура органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және экономикалық тергеу қызметіне кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің және оны өткізу шарттарының, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерінің қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Прокуратура органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және экономикалық тергеу қызметіне кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің және оны өткізу шарттарының, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерінің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) прокуратура органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және экономикалық тергеу қызметіне кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу және оны өткізу шарттарын, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) кандидат - алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеуден өтетін адам;
- 2) тыңдаушы - алғашқы кәсіптік даярлыққа қабылданған адам;
- 3) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламамен әріптік жүйеге сәйкес оқу жетістіктерінің деңгейін балмен бағалау жүйесі.

3. Прокуратура органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке және экономикалық тергеу қызметіне қатардағы, кіші және орта басшы құрамдағы

лауазымдарға алғаш рет кіретін адамдар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында (бұдан әрі - Академия) алғашқы кәсіптік даярлықтан өтеді.

4. Алғашқы кәсіптік даярлықтың міндегі құқық қорғау қызметіне алғаш кіретін адамдардың кәсіби дағдыларды алуына бағытталған кәсіптік оқыту болып табылады.

2-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу тәртібі

5. Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеуге (бұдан әрі - іріктеу) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда тестілеуден, оның ішінде жеке қасиеттерін бағалаудан өткен адамдар қатысады.

6. Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу бірқатар реттік кезеңдерді:

1) іріктеу өткізу туралы хабарландыруды жариялауды;

2) іріктеуге қатысуға ниет білдірген азаматтардан құжаттарды қабылдауды;

3) құқық қорғау органдының орталық аппаратында не аумақтық немесе оларға теңестірілген мамандандырылған бөлімшелерінде (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) әңгімелесуден өтуді;

4) әскери-дәрігерлік комиссияларда (бұдан әрі - ӘДК) медициналық және психофизиологиялық куәландаудан өтуді;

5) полиграфологиялық зерттеуден өтуді;

6) Академияда емтихан тапсыруды қамтиды.

7. Осы Қағидалардың 6-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдерден өту кандидаттың таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде және жеке сәйкестендіру нөмірі бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландаратын құжаты немесе оның электрондық нысаны міндепті түрде болған кезде жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 6-тармағының 3) 5) және 6) тармақшаларындағы кезеңдерді өтуі техникалық жазу құралдарының (аудио-, бейнежазба) көмегімен тіркеледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 01.02.2023 № 47, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 21.02.2023 № 61 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 02.02.2023 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Шынайы емес ақпарат беру, сондай-ақ кандидаттардың осы Қағидалардың 6-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген кезеңдерге дәлелсіз себептермен келмеуі іріктеу кезеңдерінен одан әрі өтуінен бас тартуға негіз болып табылады.

9. Иріктеу өткізу туралы хабарландыру (бұдан әрі - хабарландыру) құқық қорғау органдарының интернет-ресурстарында орналастырылады. Бұл ретте, хабарландыруды жариялау бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылуы тиіс.

10. Хабарландыру мынадай мәліметтерді:

1) құжаттарды қабылдау мерзімін (хабарландыру жарияланған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кем емес);

2) негізгі функционалдық міндеттерін, еңбекақы мөлшері көрсетілген лауазымдардың атауын;

3) кандидатқа құқық қорғау қызметін өткерудің тәртібін реттейтін құқықтық актілерде белгіленген негізгі талаптарды;

4) қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;

5) өтініштерді қабылдайтын аумақтық бөлімшениң орналасқан жері, оның пошталық мекенжайы, байланыс телефондарының нөмірлері туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Хабарландыруда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін қосымша ақпарат қамтылуы мүмкін.

11. Ирікеуге қатысуға арналған құжаттарды қабылдауды құқық қорғау органдарының кадр қызметтері (бұдан әрі - кадр қызметтері) жүзеге асырады.

12. Кандидат мынадай құжаттарды қолма-қол ұсынады немесе Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы жібереді:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) білімі туралы құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нострификациялау немесе тану рәсімінен өткенін растайтын құжаттарды (шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалар);

4) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы жұбайларын көрсете отырып, өз қолымен жазылған толтырылған толық өмірбаянды;

5) кез келген өңірде қызмет өткеруге келісімі туралы өтінішті;

6) әскери билетті немесе тіркеу қуәлігін тапсырады.

Ескеरту. 12-тармакқа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 01.02.2023 № 47, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 21.02.2023 № 61 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 02.02.2023 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

13. Кадр қызметтері құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кандидаттардың құжаттарының кандидаттың құқық қорғау

қызметіне кіруге белгіленген талаптарға сәйкестігіне қарауды жүзеге асырады және әрбір кандидатқа жеке істі қалыптастырады.

Бір мезгілде кандидаттарды тексеруге арналған тізімдер құқық қорғау органдарының ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімшелеріне (бұдан әрі - ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімшелері) жіберіледі, олар тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды кадр қызметтеріне белгіленген әңгімелесу өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

14. Құжаттарды қарau нәтижелері бойынша кадр қызметтері оны өткізу күnін, уақытын және орнын көрсете отырып, Әңгімелесуді өткізу кестесін қалыптастырады, ол құқық қорғау органдарының интернет-ресурстарында орналастырылады.

Кесте әңгімелесу тағайындалған күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.

15. Әңгімелесу өткізу үшін әрбір құқық қорғау органында не оның аумақтық бөлімшесінде құрамына кемінде бес мүше кіруі тиіс комиссия құрылады. Құқық қорғау органының басшысы (немесе уәкілетті басшы) не оның орынбасары комиссияның төрағасы болып табылады.

Құқық қорғау органының шешімі бойынша әңгімелесу аудио-бейне хаттамамен бейнеконференцбайланысты қолдану арқылы "онлайн" өткізілуі мүмкін.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 31.01.2024 № 15, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 01.02.2024 № 32 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.02.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. Комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін әңгімелесуге байқаушылар шақырылуы мүмкін.

Әңгімелесуге Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері байқаушылар ретінде қатысуы мүмкін.

17. Байқауши ретінде әңгімелесуге қатысу үшін тұлға әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей кадр қызметінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға кадр қызметіне жеке басын қуәландыратын құжаттың қөшірмесін немесе оның электрондық нысанын және осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген ұйымдардың бірінде еңбек қызметін растайтын құжаттың қөшірмесін ұсынады.

Бұл ретте, кадр қызметі құжаттардың қөшірмелерін әңгімелесу басталғанға дейін түпнұсқалармен салыстырады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 01.02.2023 № 47, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 21.02.2023 № 61 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі

Төрағасының 02.02.2023 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрығымен.

18. Әңгімелесу барысында байқаушылар кандидаттарға сұрақтар қоймайды. Байқаушылардың комиссия жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасаудына, кандидаттардың дербес деректеріне, кандидаттар қатысатын іріктеу рәсімдеріне қатысты мәліметтерді жария етуіне, олардың техникалық жазба құралдарын пайдалануына жол берілмейді.

19. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Шешім хаттама түрінде еркін нысанда ресімделеді және оған комиссия төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

20. Комиссияның отырысы, егер оған оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, зандақ күші бар деп есептеледі.

21. Әңгімелесу әр кандидатпен сыпайылық және жылы ықылас жағдайында жеке өткізіледі.

Техникалық жазба құралдарының көмегімен әңгімелесу барысында тіркелген материалдар кадр қызметінде бір жыл бойы сақталады.

22. Комиссия әңгімелесу қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) "алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің одан әрі кезеңдерінен өтүге ұсынылсын";
- 2) "алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің одан әрі кезеңдерінен өтуден бастартылсын".

Шешім қабылдау кезінде комиссия мемлекеттік тілді және Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін, жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу нәтижелерін, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық бөлімшелердің қорытындысын ескереді.

23. Әңгімелесу нәтижелері бойынша алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің одан әрі кезеңдеріне ұсынылған кандидат қызметке жарамдылығын анықтау үшін ӘДК мен полиграфологиялық зерттеуден өтеді.

Кадр қызметі кандидатқа ӘДК-дан етуге арналған жолдаманы кандидаттың 3x4 көлеміндегі (2 дана) түрлі-түсті фотосуретін ұсынған сэттен бастап дереу береді.

24. Кандидаттарды полиграфологиялық зерттеу аумақтық бөлімшелерде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 683 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында полиграфологиялық зерттеуден ету қағидаларымен айқындалған тәртіpte жүргізіледі.

25. Денсаулық жағдайы бойынша қызмет өткеруге жарамды деп танылған және полиграфологиялық зерттеуден өткен кандидат емтихан тапсыру үшін Академияға жіберіледі.

Денсаулық жағдайы бойынша қызмет өткеруге жарамсыз деп танылған, психофизиологиялық сараптаманың теріс нәтижелерін алған кандидат одан әрі іріктеу кезеңдеріне жіберілмейді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 31.01.2024 № 15, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 01.02.2024 № 32 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.02.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

26. Кандидаттардың полиграфологиялық зерттеулерден және ӘДК-дан өту нәтижелері бойынша кадр қызметтері нәтижелерді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кандидаттың жеке істерін, полиграфологиялық зерттеулердің және ӘДК-ның нәтижелерін қоса тіркей отырып, сондай-ақ осы Қағидалардың З-қосымшасына сәйкес кандидаттардың тізімін Академияға жібереді.

27. Академия осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген кандидаттарға соңғы материалдарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде оны өткізу күнін, уақытын және орнын көрсете отырып, емтихандарды өткізу кестесін қалыптастырады, ол құқық қорғау органдарының интернет-ресурстарында орналастырылады.

Кесте емтихан тағайындалған күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.

28. Кандидаттардан емтихан қабылдау үшін емтихандық комиссиялар құрылады.

28-1. Емтихан комиссияларының, сондай-ақ апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі мен құрамын қалыптастыру Академия ректорының бұйрығымен анықталады.

Ескерту. Қағидалар 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 31.01.2024 № 15, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 01.02.2024 № 32 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.02.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

29. Емтихандық комиссиялардың құрамын Академия ректоры бекітеді және ол Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы мен құқық қорғау органдарының өкілдерінің қатарынан қалыптастырылады.

30. Академиядағы емтихан кандидаттың емтихан билетінің үш сұрағына ауызша жауаптары және комиссия мүшелерінің қосымша сұрақтары түрінде өткізіледі.

31. Академияның шешімі бойынша емтихан аудио-бейне хаттамамен бейнеконференцбайланысты қолдану арқылы "онлайн" өткізілуі мүмкін.

32. Ауызша емтихан қабылдайтын комиссия мүшелері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша емтихан ведомосына кандидаттың жауаптарын бағалауды көрсетеді.

Комиссияның әрбір мүшесі өз бағаларын жеке емтихан ведомосында көрсетеді. Кандидаттың қорытынды бағасы оған комиссияның барлық мүшелері қойған бағалардың арақатынасының нәтижелері бойынша айқындалады.

33. Ауызша емтихан нәтижелерін бағалау үшін осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі қолданылады.

34. Емтихан нәтижелері емтихан тапсырған сәттен бастап үш жұмыс қуні ішінде құқық қорғау органдарының интернет-ресурстарында жарияланады.

35. Емтихан нәтижелерімен келіспеген кандидат емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін үш жұмыс қуні ішінде апелляцияға бере алады.

36. Апелляциялық комиссия Академияда құрылады және кемінде бес мүшеден, оның ішінде төрағадан тұрады.

Апелляциялық комиссияның құрамына емтихандық комиссиялардың мүшелері кіре алмайды.

37. Апелляциялық комиссияның шешімі жалпы санының 2/3 (үштен екісі) мүшелері болған жағдайда заңдық күші бар және комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

38. Апелляциялық комиссияның отырысында кандидат қате жауап берген емтихан билетінің сұрақтары және оның жауаптарының нұсқалары қаралады, сондай-ақ емтихан өткізу процесінің бейне-және аудиожазбалары тындалады.

Қажет болған жағдайда апелляциялық комиссияның отырысына емтихандық комиссиялардың мүшелері және (немесе) кандидат шақырылуы мүмкін.

39. Қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия екі шешімнің бірін қабылдайды:

- 1) емтихан нәтижелері өзгеріссіз, ал апелляция қанағаттандырусыз қалдырылсын;
- 2) кандидаттың апелляциясы қанағаттандырылсын.

40. Алғашқы кәсіптік даярлыққа қабылдау мәселесін шешу үшін ведомствоаралық қабылдау комиссиясы қалыптастырылады.

41. Ведомствоаралық қабылдау комиссиясының құрамына Академияның проректорлары, құқық қорғау органдары орталық аппараттарының кадр қызметтерінің басшылары, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бөлімшелердің өкілдері кіреді.

Академияның ректоры ведомствоаралық қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

42. Емтихан нәтижелерінің, кандидаттардың жеке істерін зерделеудің негізінде ведомствоаралық қабылдау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) "алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуге ұсынылсын";

2) "алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуден бас тартылсын".

Шешім қабылдау кезінде ведомствоаралық комиссия полиграфологиялық зерттеулердің нәтижелерін ескереді.

43. Алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуге ұсынылған кандидаттар шешім шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде түрғылықты жері бойынша кадр қызметіне міндettі арнайы тексеру жүргізу үшін мынадай құжаттарды:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесін немесе оның электрондық нысанын;

2) білімі туралы құжаттың (құжаттардың) нотариалды куәланырылған көшірмесін (көшірмелерін);

Басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған кандидат білімі туралы құжатты (құжаттарды) тану немесе нострификациялау туралы куәлікті (куәліктерді) ұсынады;

3) 3x4 көлеміндегі түрлі-түсті фотосуретті (2 дана);

4) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табыстары мен мүлкі туралы декларацияны түрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына ұсынғанын растайтын құжаттарды тапсырады.

Кандидаттың не оның жақын туыстарының аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі өзгерген жағдайда атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың (атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін ауыстыру туралы куәліктің) көшірмесін ұсынады.

Кадр қызметі құжаттарды берген сәтten бастап үш жұмыс күні ішінде құжаттарды міндettі арнайы тексеріс жүргізу үшін жібереді.

Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 01.02.2023 № 47, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 21.02.2023 № 61 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 02.02.2023 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрығымен.

3-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлықтан өту шарттары

44. Алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуге ұсынылған кандидаттар Академия ректорының бүйрығымен алғашқы кәсіптік даярлыққа қабылданады.

45. Алғашқы кәсіптік даярлыққа қабылданғаннан кейін кандидаттармен келісімшарт жасалады.

Келісімшартта тыңдаушының, құқық қорғау органының және құқық қорғау органы білім беру үйімінің өзара міндettемелері мен жауапкершілігі белгіленеді, сондай-ақ алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтағаннан кейін құқық қорғау органдарында қызметті одан әрі өткериудің шарттары мен мерзімдері көзделеді.

46. Алғашқы кәсіптік даярлық үш кезеңнен тұрады:

- 1) Академияда оқыту;
- 2) тағылымдамадан өту;
- 3) бітіру емтиханы.

47. Прокуратура органдарына, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, экономикалық тергеу қызметіне кіретін тыңдаушылар үшін Академияда оқудан өту мерзімі – бес айды құрайды.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 31.01.2024 № 15, ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 01.02.2024 № 32 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.02.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

47-1. Білім беру процесінің нысаны, тәртібі мен мазмұны Академия ректорының бұйрығымен анықталады.

Ескерту. Қағидалар 47-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 31.01.2024 № 15, ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 01.02.2024 № 32 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.02.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

48. Тыңдаушыларға Академияда оқу кезеңінде оқу орнының жатақханасы беріледі, сондай-ақ олар тамактанумен қамтамасыз етіледі.

49. Академияда оқу кезеңінде тыңдаушы:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын, Академиядағы еңбек тәртіптемесі мен тәртіпті сақтайты;

2) сабактардың барлық түрлеріне қатысады және тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындайды, аралық емтихандарды және оқыту бағдарламаларында көзделген және бекітілген бақылаудың өзге де түрлерін уақтылы тапсырады, өзіндік жұмысқа бөлінген уақытты тиімді пайдаланады;

3) оқу процесінде "қанағаттанарлыққа" баламалы бағадан төмен емес академиялық үлгерімді қамтамасыз етеді;

4) Академияның профессорлық-оқытушылық, оқу-қосалқы және өзге де құрамына, окушыларға құрмет көрсетеді, олардың абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұқпайды;

5) Академияның жатақханасында тұрады;

6) мемлекеттің, оның ішінде Академия мүлкінің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) құқық бұзушылық жасау, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылу, сондай-ақ қылмыстық процеске не әкімшілік іс жүргізуге қатысу фактілері туралы дереу хабарлайды;

8) оқу аудиторияларын, оқу-әдістемелік бөлмелерді, спорт, оқу, мәжіліс залдарын, компьютерлік сыныптарды, кітапхананы, оқу-әдістемелік және ғылыми базаларды пайдаланады;

9) оқытылатын оқу бағдарламалары бойынша топтық және жеке консультациялар алады.

50. Тындаушылар Академияда оқу кезеңінде тағылымдамадан өту үшін жіберіледі.

51. Тағылымдама құжаттарды тапсыру орны бойынша аумақтық бөлімшелерде өткізіледі.

52. Прокуратура органдарына, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, экономикалық тергеу қызметіне кіретін тындаушылар үшін тағылымдамадан өту мерзімі – бір айға дейін.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 31.01.2024 № 15, ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 01.02.2024 № 32 және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.02.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

53. Кадр қызметі тағылымдаман өту орнын және тағылымдама жетекшісі - тәлімгерді белгілейді.

54. Тағылымдама кезеңінде тындаушы:

1) белгіленген мерзімде тағылымдаманың жеке жоспарында көзделген іс-шараларды орындайды;

2) Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарын, белгіленген күн тәртібін және еңбек тәртібін сақтайды;

3) атқарылған жұмыс есебін жүргізеді;

4) тағылымдама процесінде алынған мәліметтерді жария етпейді;

5) тағылымдама жетекшісі - тәлімгердің тапсырмалары шегінде әрекет етеді, мемлекеттік құпияларға рұқсат беруді талап ететін режимдік объектілерде жүзеге асырылатын іс-шараларды, сондай-ақ оның өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін іс-шараларды қоспағанда, құқық қорғау органдары өткізетін іс-шараларға қатысады;

6) құқық қорғау органдының қызметкерлері мен жұмыскерлеріне құрмет көрсетеді, олардың абырайы мен қадір-қасиетіне қол сұқпайды;

7) қызметтік мулікке және техникалық құралдарға ұқыпты қарайды;

8) құқық бұзушылық жасау, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылу, сондай-ақ қылмыстық процеске не әкімшілік іс жүргізуге қатысу фактілері туралы тағылымдама жетекшісі - тәлімгерге дереу хабарлайды;

9) киім киюде іскерлік талаптарын ұстанады.

55. Тағылымдама жетекшісі - тәлімгер:

1) тағылымдаманың жеке жоспарын әзірлейді және бекітеді;

2) тындаушыны функционалдық міндеттерімен, құқық қорғау органдың жұмысын үйимдастырумен таныстырады;

3) тағылымдаманың жеке жоспарында көзделген мәселелерді зерделеуге қажетті әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) тағылымдаманың жеке жоспарының уақтылы орындалуын бақылайды.

56. Тағылымдама мерзімі өткеннен кейін кандидат тағылымдаманың жеке жоспарын орындау нәтижелерін көрсете отырып, жазбаша есеп жасайды. Есепке кандидат жасаған және тағылымдама жетекшісі - тәлімгер растаған құжаттардың жобалары қоса беріледі.

57. Тағылымдама қорытындылары бойынша тағылымдама жетекшісі - тәлімгер тындаушыға мінездеме жасайды.

Мінездемеде теориялық білім деңгейіне және практикалық жұмыс дағыларына баға беріледі, кандидаттың адамгершілік және іскерлік қасиеттері, оның еңбек және орындаушылық тәртіпке қатынасы, сондай-ақ кандидаттың жеке басын сипаттайтын өзге де мәліметтер мен кәсіби құзыреттілікті арттыру бойынша (қажет болған жағдайда) ұсынымдар көрсетіледі.

Тындаушыға арналған тағылымдамадан өту материалдарын (есеп, мінездеме) кадр қызметтері тағылымдамадан өту аяқталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Академияға ұсынады.

58. Тындаушы тағылымдамадан өту аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде оқу процесін аяқтау және бітіру емтихандарын тапсыру үшін Академияға келеді.

59. Қорытынды емтиханның нысаны, тәртібі мен мазмұны Академия ректорының бұйрығымен анықталады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 31.01.2024 № 15, КР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 01.02.2024 № 32 және КР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.02.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

60. Бітіру емтиханын өткізу кестесін Академия жасайды және ол өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей ведомствоаралық комиссия мүшелері мен тындаушылардың назарына жеткізіледі.

61. Бітіру емтиханының нәтижелерін құрамын Академияның ректоры бекітетін емтихандық комиссиялар балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағалайды.

62. Бітіру емтиханының нәтижелері бітіру емтиханын тапсырған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бағаланады. Қорытынды бағалар мыналар болып табылады:

1) "Өте жақсы. Қызмет өткеруге басым тәртіппен ұсынылады.";

2) "Жақсы. Қызмет өткеруге ұсынылады.";

3) "Қанағаттанарлық. Қызмет өткеруге ұсынылады.";

4) "Қанағаттанарлықсыз. Қызмет өткеруге ұсынылмайды".

"Қанағаттанарлықсыз" деген баға қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

63. Алғашқы кәсіптік даярлықтан табысты өткен тындаушы осы Қағидалардың бұқосымшасына сәйкес нысан бойынша сертификат алады және лауазымға тағайындау мәселесін шешу үшін құқық қорғау органының кадрларына қабылданады.

Тындаушыны сол немесе өзге аймақта лауазымға тағайындау туралы шешімді қорытынды бағалардың негізінде құқық қорғау органы орталық аппаратының кадр қызметі қабылдайды.

4-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері

64. Алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері:

- 1) қолданыстағы заннаманы, еңбек тәртіптемесі мен тәртіпті бұзуы;
- 2) осы Қағидалардың 49 және 54-тармақтарында көзделген талаптардың бірін бұзуы ;
- 3) алғашқы кәсіби даярлықтың барлық кезеңінде оқу және/немесе тағылымдамадан өту орны бойынша үш күннен артық дәлелді себепсіз болмауы;
- 4) келісімшарт талаптарының орындалмауы немесе тиісті орындалмауы;
- 5) міндетті арнайы тексерудің теріс нәтижелері болып табылады.

Прокуратура органдарына,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
қызметке және экономикалық
тергеу қызметіне кіретін
адамдар үшін алғашқы кәсіптік
даярлыққа іріктеудің және оны
өткізу шарттарының, сондай-ақ
оларды алғашқы кәсіптік
даярлықтан шығару
негіздерінің қағидаларына
1-қосымша
нысан

Құқық қорғау органының
аумақтың болімшесі,
ведомствосы мен
мекемесінің басшысына

Отініш

Мені _____

—
Т.А.Ә. (болған жағдайда, толық)
алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеуге жіберуінізді сұраймын.

Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу шарттарымен және тәртібімен таныстым, олармен келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Мен мынадай күжаттарды ұсындым:

1. _____
 2. _____
 3. _____
 4. _____
 5. _____
 6. _____
 7. _____

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

(Колы)

(Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

20 _____ жылғы "_____ " _____

Прокуратура органдарына,
сыбайлас жемкорлыққа карсы
қызметке және экономикалық
тергеу қызметіне кіретін
адамдар үшін алғашқы кәсіптік
даярлыққа іріктеудің және оны
өткізу шарттарының, сондай-ақ
оларды алғашқы кәсіптік
даярлықтан шығару
негіздерінің қағидаларына

2-қосымша

нысан

Өмірбаянды кандидат өз қолымен, еркін түрде, шимайсыз және тұзетулерсіз, төмендегі мәліметтерді міндettі түрде көрсете отырып жазады:

Автобиография пишется кандидатом собственноручно, в произвольной форме, без помарок и исправлений, с обязательным указанием следующих сведений:

- тегі, аты, экесінін аты, туған күні мен жері, ұлты, ана тілі, тағы қандай тілдерді біледі;
- фамилия, имя, отчество, дата и место рождения, национальность, родной язык, какими языками еще владеет;
- қашан, қайда, қандай оқу орындарында оқыды, білімі бойынша мамандығы;
- когда, где, в каких учебных заведениях учился, специальность по образованию;
- кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның толық атауы мен мекенжайы, бір жұмыстан басқа жұмысқа ауысу себебі көрсетіле отырып, кім болып, қашан және қайда жұмыс істеді, тәртіптік, материалдық немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылды ма (қашан, кім қолданды, не үшін, ықпал ету шарасы);
- кем, когда и где работал с указанием полного наименования и адреса предприятия, учреждения или организации, причины перехода с одной работы на другую, применялись ли меры дисциплинарного, материального или общественного воздействия (когда, кем, за что, мера воздействия);
- әскери міндettілікке қатысы, міндettі әскери қызметке қашан және қандай әскери комиссариат шакырды (егер шақырылмаса, себебі көрсетілсін), қандай әскери бөлімдерде (нөмірлері көрсетілсін)

<p>және кім болып қызмет өткерді, Қарулы Күштерден запасқа қашан және қандай лауазымнан босатылды, әскери атағы;</p> <p>- отношение к воинской обязанности, когда и каким военкоматом призван на действительную военную службу (если не призвался, указать причину), в каких воинских частях (указать номера) и в качестве кого проходил службу, когда и с какой должности уволен в запас Вооруженных Сил, воинское звание;</p> <p>- отбасы жағдайы, қашан некеге тұрды, әйелінің (ерінің) тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, ұлты, жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты жері; кандидат пен оның әйелінің (ерінің) жақын туысқандары; әкесі, шешесі, аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері) мен балалары, сондай-ак бұрынғы әйелдері (ерлері) және олардың жақын туысқандарына қатысты осындай мәліметтер, ажырасу себептері көрсетіле отырып, некені бұзы туралы куәліктерінің нөмірлері, оларды қандай орган және қашан берді; егер кандидат, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандары тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен болса, онда олардың бұрынғы анықтамалық деректері көрсетіледі, туысқандарынан кім ішкі істер органдарында немесе ішкі әскерлерде қызмет етеді (туысқандық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты, қайда, лауазымы, арнайы немесе әскери атағы);</p> <p>- семейное положение, когда вступил в брак, фамилия, имя, отчество, дата и место рождения, национальность; место работы и должность, место жительства жены (мужа); такие же сведения на близких родственников кандидата и его жены (мужа); отца, мать, братьев, сестер и детей, а также на бывших жен (мужей) и их близких родственников с указанием причин развода, номера свидетельств о расторжении брака, когда и каким органом оно выдано; если кандидат, его жена (муж) или их близкие родственники изменили фамилию, имя, отчество, то указывается и их прежние установочные данные; служит ли кто из родственников в органах внутренних дел или во внутренних войсках (степень родства, фамилия, имя, отчество, где, должность, специальное или воинское звание);</p> <p>- кандидат, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандарынан біреу шетел азаматтығында тұрды ма (кім, туысқандық дәрежесі), олардың ішінде кім шетелде болды (қашан, қайда, қандай мақсатпен) немесе тұрақты тұруға шетелге шығу үшін өтініш білдірді (қашан, қандай себеппен), шетелдерде тұратын туысқандары бар ма (тегі, аты, әкесінің аты, туысқандық дәрежесі, немен айналысады, қайда тұрады), олармен байланыс қалай іске асады;</p>		
---	--	--

- состоял ли кандидат, его жена (муж) или кто-нибудь из их родственников в иностранном гражданстве (кто, степень родства), кто из них был за границей (когда, где, с какой целью) или ходатайствовал о выезде за границу на постоянное место жительства (когда, по какой причине), имеются ли родственники, проживающие за границей (фамилия, имя, отчество, степень родства, род занятий, где проживают), в чем выражается связь с ними;

- кандидат, оның әйелі (ері) немесе олардың жақын туыскандарынан біреу қылмыстық не әкімшілік жауаптылықта тартылған ба (қашан, не үшін, жазалау шарасы);

- привлекался ли кандидат, его жена (муж) или кто-либо из их близких родственников к уголовной или административной ответственности (когда, за что, мера наказания);

- соңғы жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты жері, егер бір жерден екінші жерге көшуге тұра келсе, бұрынғы тұрғылықты жерлері көрсетіледі.

- место последней работы и должность, место жительства, если приходилось переезжать с одного места жительства на другое, то указываются прежние места жительства.

Прокуратура органдарына,
сыбайлас жемкорлыққа қарсы
қызметке және экономикалық
тергеу қызметіне кіретін
адамдар үшін алғашкы
кәсіптік даярлыққа іріктеудің
және оны өткізу шарттарының,
сондай-ақ оларды алғашкы
кәсіптік даярлықтан
шыгару негіздерінің
қағидаларына
3-қосымша
нысан

Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеуден өтуге ниет білдірген кандидаттардың тізімі

№	Тегі	Аты	Әкесінің аты (болған жағдайда)	ЖСН
---	------	-----	--------------------------------	-----

Прокуратура органдарына,
сыбайлас жемкорлыққа қарсы
қызметке және экономикалық
тергеу қызметіне кіретін
адамдар үшін алғашкы
кәсіптік даярлыққа іріктеудің
және оны өткізу шарттарының,
сондай-ақ оларды алғашкы
кәсіптік даярлықтан
шыгару негіздерінің
қағидаларына
4-қосымша
нысан

Емтихан ведомосы

Комиссия мүшесінің Т.А.Ә (болған жағдайда) _____

Кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____

№	Емтихан билетінің сұрағы	Бағасы	Комиссия мүшесінің қолы	Ескертпе
---	--------------------------	--------	-------------------------	----------

_____ жылғы "___" _____.

Комиссия мүшесінің қолы _____.

Прокуратура органдарына,
сыбайлас жемкорлыққа қарсы
қызметке және экономикалық
тергеу қызметіне кіретін

адамдар үшін алғашқы кәсіптік
даярлыққа іріктеудің және оны
өткізу шарттарының, сондай-ак
оларды алғашқы кәсіптік
даярлықтан шығару
негіздерінің қағидаларына
5-қосымша

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингілік әріптік жүйесі

Оқу жетістіктерін бағалау

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың цифрлық баламасы	%-тік мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95 – 100	
A-	3,67	90 – 94	Өте жақсы
B+	3,33	85 – 89	
B	3,0	80 – 84	Жақсы
B-	2,67	75 – 79	
C+	2,33	70 – 74	
C	2,0	65 – 69	
C-	1,67	60 – 64	Қанағаттанарлық
D+	1,33	55 – 59	
D	1,0	50 – 54	
F	0	0 – 49	Қанағаттанарлықсыз

Прокуратура органдарына,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
қызметке және экономикалық
тергеу қызметіне кіретін
адамдар үшін алғашқы кәсіптік
даярлыққа іріктеудің және оны
өткізу шарттарының, сондай-ак
оларды алғашқы кәсіптік
даярлықтан шығару
негіздерінің қағидаларына
6-қосымша
нысаны

Алғашқы кәсіптік даярлықты бітіргені туралы сертификат

- Сертификат мыналардан:
 - 224 x 160 мм көлеміндегі қатты мұқабадан;
 - 210 x 150 мм көлеміндегі қосымша парактан;
 - қосымшадан тұрады.
- Құжаттың мұқабасы қою көк түсті болып жасалады.
- Сертификаттың мұқабасында мыналар алтын түспен орындалады:
 - жоғарғы жағында мемлекеттік тілде: "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы";

2) ортасында - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы логотипінің бейнесі;

3) логотип бейнесінің астында – "СЕРТИФИКАТ" деген құжат түрінің өрнектелген атауы орналастырылады.

4. Қосымша параптың бланкісі баспаханалық тәсілмен ақшыл-көк түсті арнайы қағазда басылады (деректерді есепке алмағанда, қолмен немесе баспа құрылғыларының көмегімен толтырылады).

5. Қосымшаның бланкісі баспа құрылғыларының көмегімен басылады.

6. Сертификаттың қосымша парагының ішкі сол жағында мемлекеттік тілдегі мазмұны, ал оң жағында орыс тіліндегі бірдей мазмұны көрсетіледі.

7. Қосымша параптың сериясы мен жеті таңбалы тіркеу нөмірі болады.

8. Сертификаттың қосымша парагының бланкісі оған енгізілетін жазбалар каллиграфиялық жазумен немесе басу құрылғыларының көмегімен орындалатындағы етіп жасалады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы	Академия правоохранительных органов при Генеральной Прокуратуре Республики Казахстан
№ _____ сертификат	Сертификат № _____
Осы сертификат, _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ сағат көлемінде _____ _____ (орган) алғаш кіретін адамдарға арналған кәсіптік даярлық курстарынан өткенін растайды.	Настоящим подтверждает, что _____ (фамилия, имя, отчество (при наличии)) прошел(ла) курс профессиональной подготовки для лиц, впервые поступающих в _____ (орган): _____ в объеме ____ часов.
Ректор _____ / _____ / М.О. _____ жылғы "___" ____ Тіркеу нөмірі № _____	Ректор _____ / _____ / М.П. "___" ____ года Регистрационный номер № _____

Сертификаттың қосымшасы

Сертификаттың қосымшасы (№ _____ сертификатсыз жарамсыз)	Приложение к сертификату (без сертификата № _____ недействительно)
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында келесі пәндерді оқыды және мынадай білім көрсетті: _____ _____ _____ _____	(фамилия, имя, отчество (при наличии)) за время обучения в Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан изучил следующие предметы и показал (-а) следующие знания: _____ _____ _____
Ректор _____ / _____ /	

М.О.

Ректор _____ / _____ / М.П.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК